

НОРМОБАКТ ФОРТЕ КАПСУЛАЛАР

Құрамында лиофилизат бар: *Lactobacillus rhamnosus* GG

Тағамға биологиялық белсенді қоспаны қолдану жөніндегі нұсқаулық

Шығарылу түрі: капсулалар

Құрамы: Әр капсуланың құрамында лиофилизацияланған лактобактериялар бар: *Lactobacillus rhamnosus* GG (ATCC 53103) - 6 млрд. (6×10^9 КТБ/г) кем емес мөлшерінде, магний стеараты (Е 460) (көлем түзуші агент), ұнтақты целлюлоза (Е 470) (жабысуды болдырмайтын агент)

Атауы	1 капсула (тәуліктік дозадағы қамтылуы)	2 капсула (тәуліктік дозадағы қамтылуы)
<i>Lactobacillus rhamnosus</i> GG	6 млрд (6×10^9 КТБ*/г)	12 млрд (12×10^9 КТБ*/г)

*КТБ - колония түзетін бактериялар бірлігі

Тағамдық құндылығы	100 г.	1 капсула
Энергетикалық құндылығы	375.91 ккал	0.037 ккал
Көмірсулар	87.51 г	0.067 г.
Қант	-	-
Ақуыздар	6.04 г.	0.003 г.
Майлар	-	-

Компоненттердің қасиеттері:

Lactobacillus rhamnosus GG (LGG) әлемдегі ең жақсы зерттелген пробиотик болып табылады. Оны зерттеу тарихы 1000-нан астам ғылыми жарияланымнан тұрады. Дүниежүзілік гастроэнтерологиялық ұйымы (ВГО) LGG пробиотигін АІЖ әртүрлі аурулары кезінде қабылдауды ұсынады. LGG бактериялары ішек шырышты қабығының эпителийіне жоғары адгезия қабілетіне ие және асқазан-ішек жолында жақсы тіршілік ете алатындығымен сипатталады. *Lactobacillus rhamnosus* GG бәсекелес тежелу және бактерияға қарсы затты бөліп шығару арқылы асқазан-ішек жолдарында энтеропатогендердің өсуіне жол бермейді. *Lactobacillus rhamnosus* GG ішек микрофлорасының физиологиялық функциялары мен теңгерімін қолдайды және қалпына келтіреді, ас қорыту мен зат алмасуды жақсартады, иммунитетті арттыруға көмектеседі.

Қолдану аясы

Нормобакт Форте ішектің бактериялық микрофлорасын қалпына келтіру және асқазан мен ішекте патогенді бактериялардың өсуін болдырмау үшін пробиотикалық микроорганизмдердің көзі болып табылатын тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде ұсынылады:

- антибиотикалық терапия кезеңінде, сондай-ақ антибиотиктерді қолдануды тоқтатқаннан кейін 2-3 апта ішінде.

- сапарлар кезінде, үйреншікті климаттық жағдайлар өзгеру аясында ішектегі пайдалы микрофлораның құрамында өзгерістер болуы мүмкін жағдайларда.

Нормобакт Форте ағзаның иммундық тұрақтылығын арттыруға көмектеседі.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға: тамақпен бірге күніне 1 рет 1 капсуладан (6 млрд КТБ /г), 12 жастан асқан балалар мен ересектерге тамақпен бірге күніне 1 рет 2 капсуладан (12 млрд КТБ /г).

Тұтас капсуланы жұта алмайтын балаларға немесе пациенттерге тағайындағанда, оны абайлап сындырып, жоғалтпай, ішіндегісін қасыққа салып, аздаған сұйықтықпен араластыру керек.

Қабылдау ұзақтығы орта есеппен 10-14 күнді құрайды. Антибиотиктермен емделу курсы кезеңінде және оның аяқталуынан Нормобакт Фортені қабылдау ұзақтығы 2-3 аптаны құрауы мүмкін.

Жүктілік:

Ішке қабылдаған кезде қауіпсіз.

Лактация кезеңі:

Ішке қабылдаған кезде қауіпсіз.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа. Дәрілік зат болып табылмайды. Құрамында ГТА жоқ.

Қарсы көрсетілімдер:

ББҚ компоненттерін жекелей көтере алмаушылық.

Өзара әрекеттесуі

Басқа дәрілік препараттармен немесе тамақ өнімдерімен үйлесімсіздігі туралы мәліметтер жоқ.

Нормобакт Форте құрамында глютен, лактоза және сахароза жоқ, сондықтан оны осы заттарды көтере алмаушылықпен зардап шегетін адамдарда қолдануға болады.

Сақтау шарттары

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Жарамдылық мерзімі

2 жыл.

Қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Шығарылу түрі

Блистерде 10 капсуладан. Қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға 1 блистерден салынады.

Тарату шарттары

Дәріхана желісі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

Өндіруші

ALLIANZ BIOSCIENCES PRIVATE LIMITED,
R.S. No. 55/1,2&3, Whirlpool Road,

Thiruvandar koil, Mannadipet Commune, Puducherry - 605 102.
India.

Тұтынушылардан шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым/Импорттаушы

«Химфарм» АҚ, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Рашидов к-сі, 81

Телефон нөмірі +7 7252 (610151)

Автожауапберуші нөмірі +7 7252 (561342)

Электрондық пошта мекенжайы complaints@santo.kz

GMP (Good Manufacturing Practice) сапа стандарттарына сәйкес өндірілген

